

Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 660 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 25 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5414 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын іске асыру және Қазақстан Республикасы тұрғындарына сурдологиялық көмекті одан әрі даму және сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдарының ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының бастықтары (келісім бойынша) осы бұйрықты басшылыққа а л с ы н ж ә н е м ы н а л а р д ы :

1) жаңа туған нәрестелер мен балалық шақтағы балалардың есту органдарын міндетті скринингтік тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) балалар мен ерестердің есту қабілетінің бұзылуларын объективті зерттеу әдістерімен уақытылы диагностикалауды енгізу;

3) балалар мен жасөспірімдерді қазіргі заманғы есту аппараттарын қондыруға ж і б е р у д і ;

4) есту қабілеті қатты бұзылған балалық шақтағы балаларды кохлеарлық имплантаттауға ж і б е р у д і ;

5) есту протезін қондыру кезінде, кохлеарлық имплантацияға дейін және одан кейін балалар мен жасөспірімдердің есту-сөйлеуін сәйкес оңалтуды;

6) есепті жылдың 25 желтоқсанына дейін осы бұйрықтың орындалу барысы туралы жыл сайынғы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Емдеу-профилактикалық жұмыс департаменті (Исмаилов Ж.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Молдағасымова А.Б.) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Т.А. Вощенкоға жүктелсін.

6. Осы бұйрық оны ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Досқалиев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 2

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

6 6 0

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы тұрғындарына сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар туралы ережесі

Осы Ереже "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және меншік нысанына қармастан Қазақстан Республикасы тұрғындарына сурдологиялық көмек көрсететін медицина ұйымдарының міндеттерін, функцияларын, құқықтық және қызметін ұйымдастыру негіздерін айқындайды. К090193

1. Жалпы ережелер

1. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар есту органдарының бұзылулары бар адамдардың ауруын анықтау, емдеу, медициналық және есту-сөйлеу қабілетін оңалту іс-шараларын уақтылы жүргізу мақсатында ұйымдастырылады.

2. Сурдологиялық көмек есту органдарының бұзылулары бар адамдардың ауруын уақтылы анықтауды, емдеуді, есту-сөйлеу қабілетін оңалтуды, есту органдарын протездеуді және түзету-педагогикалық көмекті қамтиды.

3. Халыққа сурдологиялық көмекті бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық немесе стационарлық медициналық көмек түрінде көп бағдарлы денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

4. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдардың жұмысын штаттан тыс бас сурдолог маман (республикалық, облыстық, қалалық) үйлестіреді.

2. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдардың негізгі міндеттері

5. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдардың негізгі міндеттері:

1) жатырішілік даму кезеңін қоса алғанда, балалардың арасындағы есту органдары ауруларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру ж ә н е ө т к і з у ;

2) жаңа туған және ерте шақтағы балаларды скринингтік тексеруді енгізу және жүргізу жолымен жаңа туған кезеңнен бастап балалардың есту патологиясы мен б ұ з ы л у л а р ы н а н ы қ т а у ;

3) емдеудің барлық кезеңдеріне жалғастыруды сақтай отырып, ерте шақтағы балалардың есту бұзылуларын емдеуді және түзетуді уақтылы бастау;

4) есту және сөйлеу бұзылулары бар адамдарды емдеудің консервативтік әдісін, медициналық-педагогикалық оңалту, жеке естуді протездеу және кохлеарлық имплантация жасауды қоса алғанда, уақтылы медициналық оңалту.

3. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдардың қызметін ұйымдастыру

6. Қазақстан Республикасының халқына амбулаторлық-емханалық сурдологиялық көмек көрсету жұмысын басқаратын негізгі құрылымдық бірлік сурдологиялық кабинет болып саналады.

7. Сурдологиялық кабинет өңірдегі халықтың санына сәйкес есептеліп ұйымдастырылады :

ересектер үшін – 100 мың ересекке 1 кабинет;
балалар үшін – 40 мың балаға 1 кабинет.

8. Халыққа (ересектерге немесе балаларға) мамандандырылған медициналық көмек көрсететін сурдологиялық кабинет көп бағдарлы өңірлік (облыс, қала, аудан) денсаулық сақтау ұйымы базасында ұйымдастырылады. Сурдологиялық кабинет олардың жарғылық қызметімен көзделген тәртіппен сурдологиялық көмек көрсететін мемлекеттік емес заңды тұлғалардың құрылымында құрылуы мүмкін .

9. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйым балаларға немесе ересектерге арнайы сурдологиялық көмек көрсету үшін жеке заңды тұлға ретінде құрылуы және жұмыс істеуі мүмкін. Олардың әрқайсысының өзінің штаты және жабдықтары болады немесе екі кабинеттің штаттарын сақтай отырып, қосылуы мүмкін .

10. Амбулаторлық-емханалық сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар мынадай үй - жайлардан тұрады :

- 1) қабылдауды күтетін холл;
- 2) тіркеу орны ;
- 3) меңгерушінің кабинеті;

- 4) дәрігер-сурдологтың кабинеті;
- 5) үндес және ойын аудиометрия жүргізуге арналған кабинет;
- 6) сөйлеу аудиометриясын жүргізуге, бос дыбыс өрісі аудиометриясын және есту аппараты жұмысының режимін анықтауға арналған кабинет;
- 7) функционалдық диагностика кабинеті (импендансометрия, шақырылған есту потенциалдарын, отоакустикалық эмиссияны тіркеу, вестибулометрия);
- 8) мамандар кабинеті – невропатолог, сурдопедагог, логопед, психолог;
- 9) жеке құлақ салымшаларын даярлауға арналған отопластикалық зертхана.

11. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымға есту органдарының патологиясы бар адамдарды негізі мамандар (педиаторлар, терапевтер), сонымен бірге нақты мамандар (оториноларингологтар, психиаторлар, невропатологтар, логопедтер т.б.) жолдама береді.

12. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес жабдықтар тізімі болу керек.

13. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдарда зерттеудің қазіргі заманғы әдістемелерін қолданып, консультациялық-диагностикалық сурдологиялық көмек көрсетіледі және мынадай есту бұзылулары бар адамдар динамикалық бақылауда болады:

1) 18 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде арнайы білім беретін ұйымдардың оқушылары.

2) құлақ мүкісі үдеу үстіндегі науқастар;

3) біржақты құлақ мүкісі бар сырқаттар;

4) есту қабілетін жақсартуды, есту қабілетін сақтауды қажет ететін сырқаттар ;

5) кохлеарлық имплантация операциясын жасауды қажет ететін сырқаттар (операцияға дейінгі және кейінгі кезеңде).

14. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдарда мынадай көмек көрсетіледі :

1) жаңа туған және ерте шақтағы балаларға скринингтік тексерулер;

2) нақты зерттеу әдістерімен есту қабілетінің бұзылуларын диагностикалау;

3) есту органдарын протездеу (есту аппаратын жеке таңдау, жеке құлақ салымшаларын дайындау, есту аппаратына үйрену (реэдукация);

4) кохлеарлық имплантация (кандидаттарды операцияға іріктеу, операция, сөйлеу процессорын қосу және реттеу);

5) есту органдарын протездеудің сәйкестігін динамикалық байқау және бақылау ;

6) есту-сөйлеу қабілетін оңалту (сөйлеу мен қалған есту қабілетін дамыту).

15. Сурдологиялық кабинетте бір сырқатты тексеру осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нормативтік уақытқа сай жүзеге асырылады.

16. Сурдологиялық көмек аудиологиялық скринингтен басталады. Ол жаңа туған және ерте шақтағы балалардың отоакустикалық эмиссиясын тіркеу әдісімен жүргізіледі. Ерте шақтағы балаларда аудиологиялық скрининг белгіленген мерзімдерде жүргізіледі: 1 жасқа дейін – тоқсан сайын, 3 жасқа дейін алдыңғы скринингке қарамастан – жылына екі рет.

17. Аудиологиялық скринингтің нәтижесі жаңа туған және ерте шақтағы балалардың даму сырқатнамасына жазылады. Балада есту қабілетінің бұзылуы анықталған жағдайда тереңдетілген сурдологиялық және аудиологиялық зерттеулер жүргізіледі.

18. Тереңдетілген сурдологиялық және аудиологиялық зерттеулер есту кемістігінің дәрежесін анықтау және есту органдарын протезеудің, кохлеарлық имплантацияның, естуді жақсарту операцияларының, есту-сөйлеу қабілетін оңалтудың қажеттігін уақтылы шешу мақсатында жүргізіледі.

19. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымына сәйкес адамдардың есту органдарын міндетті түрде протездеу жақсы еститін құлағының есту шегі төмендегідей болғанда жүргізіледі:

- 1) 15 жасқа дейінгі балаларда – 31 децибел және одан жоғары;
- 2) ересектерде – 41 децибел және одан жоғары.

20. Балалар мен ересектердің есту органы екі жақты зақымданған жағдайда бинауралдық протездеу жүргізіледі.

21. Есту қабілетінің төмендеуіне байланысты сөйлеу кемістігі бар балаларға сурдопедагогикалық көмек қажет, оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жібереді.

22. Халыққа сурдологиялық көмек көрсететін ұйымдар олардың жарғылық қызметімен көзделген тәртіппен есту аппараттары мен кохлеарлық имплантаттау жүйесіне сервистік техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсете алады.

23. Есту органдарының ауруы бар адамдарға стационарлық медициналық көмек ауруханалық медициналық көмек көрсететін көп бағдарлы денсаулық сақтау ұйымдарының салалық ЛОР-бөлімшесінде көрсетіледі (республикалық, облыстық, қалалық, аудандық).

24. Құрамында халыққа (ересек немесе балаларға) медициналық көмек көрсететін салалық ЛОР-бөлімшесі бар республикалық денсаулық сақтау ұйымдарында сол ұйымның штаттық санына кіретін Республикалық сурдологиялық кабинет құрылады.

25. Республикалық сурдологиялық кабинет аумақтық (облыстық, қалалық, аудандық) сурдологиялық кабинеттерге халыққа сурдологиялық көмек көрсету бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының
халқына сурдологиялық
көмек көрсететін ұйымдар
туралы ережеге

1-қосымша

**Сурдологиялық кабинетке арналған жабдықтарының
ең аз тізбесі**

N	Жабдықтың атауы	Саны (дана/ жиынтық)
1	2	3
	Диагностикалық жабдықтар	
1.	Үндес және сөйлеу тілінің аудиометриясын жүргізуге арналған кабинет	
1.1	Ішіне орнатылған зорайтқышы және Print View 1.15 бағдарламалық қамсыздандырылуы, компьютер мен принтерге қосуға арналған кабелі бар клиникалық аудиометр (үндес ауа және сүйек аудиометриясы, жоғары жиілікті аудиометрия, бос дыбыс алаңындағы аудиометрия, сөйлеу тілінің аудиометриясы, аудиометрия нәтижелерін принтермен басып шығару)	1
1.2	Еркін дыбыс алаңындағы аудиометрияға арналған колонкалар	3
1.3	Еркін дыбыс алаңындағы аудиометрияға арналған түрлі-түсті панельдер	3
1.4	Ойын аудиометрі	1
1.5	Ерте шактағы балалардың есту қабілетін зерттеуге арналған педиатриялық аудиометр	1
1.6	Камертондар жинағы (С64-С4000)	1
1.7	Секундомер	1
1.8	Компьютер принтерімен	1
2.	Функционалдық диагностика кабинеті	
2.1	Отоакустикалық эмиссияны тіркеу модулімен, дербес компьютер мен арнайы компьютерлік қосымша базасында жаңа туылған нәрестелердің есту қабілетін скринингтеуге арналған модульмен бірге ми қабығының қайтарылған есту потенциалдарын (ҚЕП) тіркеудің аудиометриялық модулі	1
2.2	Клиникалық тимпанометр/импедансометр	1
2.3	Қайтарылған отоакустикалық эмиссияны тіркеу қондырғысы (егер жаңа туған нәрестелердің және ерте шактағы балалардың есту қабілетін скринингтеуді жергілікті жерлерде жүргізу көзделген болса және егер ҚЕП-ті тіркеуге арналған модуль отоакустикалық эмиссияны тіркеу модулімен толықтырылмаған болса)	1
2.4	Окулография және нистагмография (дербес компьютермен арнайы компьютерлік қосымша базасында) немесе френтцель көзілдірігі.	1
2.5	Барани креслосы	1
3.	Сөйлеу тілінің аудиометриясын жүргізуге және есту аппаратының жұмыс режимін нақтылауға арналған кабинет	
3.1	Есту аппараттарының анализаторлары	1
3.2	Принтері және есту аппараттарын іріктеп таңдау мен күйіне келтіруге арналған бағдарламасы бар компьютер	1
	ЛОР-аспаптар мен ЛОР-жабдықтардың ең аз жинағы	
1.1	Мұрын айнасы	20

1.2	Көмей айнасы	20
1.3	Мұрын-жұтқыншақ айнасы	20
1.4	Құлақ воронкалары	20
1.5	Әр түрлі зондтар	40
1.6	Шпателдер	40
1.7	Құлақты үрлеуге арналған катетер	10
1.8	Құлаққа арналған істік пинцеттер	5
1.9	Жоне шприці	3
1.10	Зигле воронкалары	2
1.11	Политцер баллоны	2
1.12	Бүйрек тәріздес астаушалар	20
1.13	Маңдай рефлекторы	2
1.14	Отоскоп	2
1.15	Зарарсыздандырғыш	1
1.16	Зарарсыздандырылған материалға арналған бикстер	6
1.17	Спиртовка	2
1.18	ЛОР үстелі	2
1.19	Медициналық шкаф	2
1.20	Кварцтеуге арналған шам	3
1.21	Үстел шамы	2
1.22	Пациент креслосы	1
	Оқу-оңалту жабдықтары мен аспаптары	
1.1	Жеке есту-сөйлеу тренажеры	1
1.2	Топта (4-6 адам) жұмыс істеу үшін FM технологияны пайдаланатын сымсыз оқу сыныбы	1
1.3	Дербес компьютер базасындағы сурдологопедиялық тренажер	1
1.4	Музыкалық орталық	1
1.5	Тиесілі жарактарымен есту аппараттарының жиынтығы (жиынтыққа санды және ұқсас бағдарламаланатын 10 есту аппараты кіреді)	1
1.6	Индукциялық жүйелер (индукциялық ілмек жүйелері)	1
1.7	Логопедтік зондтар жинағы	1
1.8	Қабырға айнасы	1
1.9	Үстел айнасы	1
1.10	Мектеп тактасы	1
1.11	Сурдопедагог, логопед кабинетіне арналған диагностикалық, дидактикалық және ойын материалдарының жиынтығы	1
	Невропатолог дәрігердің жабдықтары мен аспаптарының жиынтығы	
1.1	Неврологиялық балға	1
1.2	Жанардың жарыққа әсерін зерттеуге арналған неврологиялық қолшам	1
	Психологтың диагностикалық жабдықтарының жиынтығы	
1.1	Психикалық функцияларды зерттеуге арналған әдістемелер	1
	Жеке құлақ салымшаларын даярлауға арналған отопластикалық зертхана	

1.1	Жеке құлақ салымшаларын даярлауға арналған жабдықтар мен шығын материалдарының жиынтығы	1
	Есту аппараттарына сервистік қызмет көрсету жөніндегі инженердің жабдықтары мен аспаптары	1
	Дәрігерлік, педагогикалық және техникалық персоналға арналған жиһаздар жинағы	
1.1	Дәрігердің кабинетіне арналған жиһаздар жиынтығы	4
1.2	Логопедтерге, сурдопедагогтарға және психологтарға арналған жиһаздар жиынтығы	3
1.3	Отопластикалық зертханаға арналған жиһаздар жиынтығы	1
1.4	Есту аппараттарына сервистік және жөндеу қызметін көрсету жөніндегі инженерге және акустик инженерге арналған жиһаздар жиынтығы	2
1.5	Балалар жиһазы	2
1.6	Жөргекке орауға арналған үстел	1
1.7	Жаңа туған нәрестелерге арналған кереует	1
1.8	Кушетка	1

Қазақстан Республикасының
халқына сурдологиялық
көмек көрсететін ұйымдар
туралы ережеге

2-қосымша

Сурдологиялық кабинетте бір емделушіні қарауға арналған уақыт нормативтері

Маманның қабылдауы:	минутпен
- ересектерге арналған сурдолог дәрігер	30
- балаларға арналған сурдолог дәрігер	40
- есту аппараттарын таңдау жөніндегі маман	40
- невропатолог дәрігер	20
- сурдопедагог, логопед және психолог:	
а) бастапқы қабылдау	30
б) психологиялық-педагогикалық тексеру және әлеуметтік көмек	60
Аудиометриялық тексеруді жүргізу:	
- үндес аудиометрия	30
- еркін дыбыс алаңындағы үндес аудиометрия	30
- шекті меже алдындағы аудиометрия	30
- ойын аудиометриясы	40
- сөйлеу тілінің аудиометриясы	40
- импедансометрия	30
- отоакустикалық эмиссияны тіркеу	30
- қайтарылған есту потенциалын тіркеу	60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК